



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті**

**ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ
(Филология факультеті, Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы)**



АҚТӨБЕ, 2025

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

Редакциясын басқарған Л.Ч.Карабасова

Ақтөбе 2025

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Академиялық кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (№__хаттама, 2025 ж.).

Элективті модульдер каталогы. 2025-2026 оқу жылы. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2025. – 22 б.

Каталог білім беру бағдарламаларының жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің таңдау компоненттері тізбелерінен, таңдау компоненттерінің қысқаша сипаттамаларынан тұрады.

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Филология факультетінің студенттеріне арналған және білім бағдарламалары бойынша оқу траекториясын анықтау үшін дайындалған.

Баспаға жауаптылар: Ш.Абдирова, Б.Олжабаев, Д.Бекниязова

**© Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті, 2025.
030000, Ақтөбе қаласы,
Ә.Молдағұлова даңғылы, 34**

ТҮСІНІК ХАТ

Элективті модульдер каталогы (ЭМК) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Академиялық сапаны арттыру департаментінде жасақталды.

Білім бағдарламалары бойынша Типтік оқу жоспарларында студенттерге жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің міндетті компоненттерімен қатар таңдау компоненттерінің ауқымы ұсынылады. Каталог білім беру траекториясын анықтауда маңызды құжат болып табылады.

Құрметті студент!

Каталогта Жалпы білім беру (ЖБП), Базалық (БП) және Кәсіптендіру (КП) пәндері циклындағы таңдау компоненттері жинақталған. Сонымен қатар, пәндерді колданудың бірыңғай жүйесі сақтала отырып, әр таңдау пәнінің шифрі, мақсаты, пререквизиттері мен постреквизиттері, пәннің қысқаша мазмұны, пәнді оқып-меңгеруге бөлінген кредит мөлшері мен оқу семестрі және Дублиндік дескрипторлар мен күтілетін нәтижелер көрсетілген.

Каталог Сізге пәндерге қатысты қажетті мәлімет алуыңызға және өзіңіздің жеке оқу жоспарыңызды дұрыс құруыңызға көмегін тигізеді. Пәндерді таңдау кезінде факультет деканатынан немесе эдвайзерден көмек сұрауыңызға болады.

Сәттілік тілейміз!!



БЕКІТЕМІН

Психология факультетінің деканы
Б.Б.Ертлеуова
2025 жыл

Элективті модульдер каталогының
құрылымы мен мазмұнының үлгісі

Мамандық атауы және шифры: 6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті
Оқу мерзімі: 4 жыл

Қабылдау жылы: 2025

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
1 Модуль - Тілдік модуль (20 академиялық кредит)				
ЖББП МК	ShT 1101	Шетел тілі	1,2	10
ЖББП МК	K(O)T 1102	Қазақ (орыс) тілі	1,2	10
2. Модуль - Жалпы білімдік пәндер (28 академиялық кредит)				
ЖББП МК	KT 1103	Қазақстан тарихы	2	5
ЖББП МК	ASBM 1104	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	1,2	8
ЖББП МК	AKT 1105	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	1	5
ЖББП МК	Fil 1106	Философия	2	5
ЖББП ЖК	PBVM 1107	Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Экология және өмір қауіпсіздігі)	2	5
3 Модуль - Тіл білімі, дене шынықтыру, практика (12 академиялық кредит)				
ЖББП МК	Dsh 1108	Дене шынықтыру	1,2,	4
БП ЖК	NKT 1201	Нормативті қазақ тілі	1	6
БП ЖК	OP	Оқу (танысу) практика	2	2

3 Модуль - Тіл білімі, дене шынықтыру, практика

Дублин дескрипторлары А); В); С); Д); Е).

Пәннің атауы Нормативті қазақ тілі

Бағдарлама авторы Молдабаева З.М.

Пәннің қысқаша мазмұны

Нормативті қазақ тілі курсы тіл, әдебиет мамандарын дайындау үшін оқылатын лингвистикалық пәндердің негізгісі болып есептеледі. Курс бүгінгі күні жалпыхалық қолданып жүрген қазақ әдеби тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін ғылыми-теориялық негізін танытуды міндет етеді. Бұл ғылыми-теориялық негіз маманға тілдегі барлық фактілерді, құбылыс, процестерді дұрыс танып, еркін түсіндіруге мүмкіндік береді, сондықтан «Нормативті қазақ тілі» курсы іргелі, практикалық сипатта оқытылады. Бұл курс берген білім қазақ тілінің тарихын, түрлі стильдік, функционалды жанрларын, оқыту әдістемесін орфоэпия, емле, пунктуация т.б. мәселеріне арналған пәндерді оқып, меңгеруіне тірек болады.

Пререквизиттері ЖББОМ қазақ тілі

Постреквизиттері Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Тіл біліміне кіріспе

Оқытудан күтілетін нәтижелер

ОН 3

Лингвистикалық бағыттағы және аймақтық, қазақ әдебиеті бойынша материалдарды жинаудың, дискурстық талдаудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық дағдыларын меңгереді.

Мамандық атауы және шифры: 6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті Оқу

мерзімі:

4 жыл

Қабылдау жылы: 2024

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
4 Модуль – Физиология және әдебиет пен тіл (18 академиялық кредит)				
БП ЖК	ТБК 2202	Тіл біліміне кіріспе	3	5
БП ЖК	ZhEFMG 2203	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	3	3
БП ЖК	АК 2204	Әдебиеттануға кіріспе	3	5
БП ЖК	ХАА 2205	Халық ауыз әдебиеті	3	5
5. Модуль – Педагогика мен инклюзия, тіл білімі, дене шынықтыру (16 академиялық кредит)				
БП ЖК	Ped 2206	Педагогика	3	4
БП ЖК	IBB 2207	Инклюзивті білім беру	3	3
БП ЖК	KKTFLL 2208	Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы	3	5
6. Модуль – Әдебиет, тіл және ғылыми зерттеу, руханият (26 академиялық кредит)				
БП ЖК	GZA 2209	Ғылыми зерттеу әдістері	4	5
БП ЖК	KTSZhM 2210	Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы	4	6
БП ЖК	XDA 2211	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы	4	5
БП ЖК	UR 2212	Ұлттық руханият	4	3
БП ЖК	EDA 2213	Ежелгі дәуір әдебиеті	4	5

4 Модуль – Физиология және әдебиет пен тіл

Дублин дескрипторлары (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы Тіл біліміне кіріспе

Бағдарлама авторы Тектіғұл Ж.О.

Пәннің қысқаша сипаттамасы

Курсты оқытудың мақсаты: Тілдің табиғаты, қоғамдық мәні, құрылымдық және жүйелілік сипаттары, тілдердің топтастырулары, жазудың пайда болуы мен басқа ғылымдар жүйесімен байланысы теорияларды меңгерту.

Пәнді оқу барысында студенттер тілдің табиғаты, қоғамдық мәні, тілдің пайда болу теориялары, оның құрылымдық және жүйелілік сипаттары, құрылымдық элементтердің бір-бірімен байланысы, ара қатынастары, тілдер дамуындағы ортақ қасиеттер мен ерекшеліктер, жалпы халықтық тіл мен оның өмір сүру формалары, тілдердің типологиялық және генеологиялық топтастырулары, жазудың пайда болуы мен даму үрдістері, басқа ғылымдар жүйесімен байланысы туралы нақты теорияларды меңгереді.

Пререквизиттері Нормативті қазақ тілі

Постреквизиттері Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы, Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы

Қалыптасатын оқыту нәтижелері

ОН-1: Тіл білімі мен әдебиеттану саласы, әдебиет тарихы, менеджмент және көшбасшылық бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін, түсінеді, көрсете біледі, оны кәсіби деңгейде қолданады.

ОН-7: Тіл білімі мен әдебиеттану қазіргі ғылыми парадигманың және оның даму динамикасы, зерттеулердің, ғылыми зерттеу негіздерінің әдіснамалық принциптері мен әдістемелік тәсілдерін, мәтінді қажетті деңгейде стилистикалық талаптарға сай түсіндірудің базалық дағдыларын игергендігін көрсете алады.

Пәннің атауы: Жас ерекшеліктер физиологиясы және мектеп гигиенасы

Бағдарлама авторы: Бисалыева Р.Н.

Курсты оқытудың мақсаты: балалар мен жас жеткіншектердің өсіп дамуының ерекшеліктерін, балалардың өсу қарқыны, мүшелерінің қалыптасуы, олардың қызметін реттеуші жүйке мен эндокринді жүйелердің маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы курсын оқытудағы мақсат педагогикалық бағыттағы білім алушылардың білімін профильдеу. Өртүрлі жастағы оқушылардың анатомио-физиологиялық жүйелерінің даму заңдылықтары туралы білімді қалыптастырады. Физиологиялық дамудың жас ерекшелік заңдылықтарын білу, даму заңдылықтарының заманауи проблемаларына сүйене отырып, оқу процесін, оқыту гигиенасын ұйымдастыру, оқытуда психологиялық мәселені қалыптастыру мәселелерін үйретеді.

Пререквизиттері: Жалпы биология (мектеп курсы)

Постреквизиттері: Педагогикалық практика

Қалыптасатын оқыту нәтижелері

ОН-6: Кәсіби қызметке және магистратурада оқуды жалғастыруға қажетті тіл білімі мен әдебиеттану, әдебиет теориясы бойынша жаңа білімді, ұлттық рухани құндылықтарды, тіл заңдылықтарын, құқық негіздері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет талаптарын, өмір қауіпсіздігі және жас ерекшелік физиологиясы негіздерін меңгереді.

Пәннің атауы Әдебиеттануға кіріспе
Бағдарлама авторы Сұлтанғалиева Ж.С.

Курсты оқытудың мақсаты

Әдебиет аяғын заманмен бірге алып жүретін өміршең ғылым болғандықтан ол өз қазанында өзі қайнамай үнемі жаңадан өркен салып, даму үстінде болмақ. Сол даму жолында ол басқа да ғылым салаларымен байланысып, соны бағдар ұстанған, жаңаша зерделенген танымдар мен эстетикалық құндылықтарға қол жеткізері сөзсіз.

Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Әдебиеттанудың болмысы мен бітімі (әдебиет туралы жалпы түсінік, әдебиеттану және оның даму кезеңдері, образ және образдылық) қарастырылады. Әдеби шығарманың сыры мен сипаты; әдеби дамудың мағынасы мен мәні (әдебиеттегі тек пен түр, әдеби бет пен бағыт), әдеби әдістер мен әдеби ағымдар заңдылығы меңгертіледі. Көркем шығарманың мән-мазмұнын терең ұғыну және талдай алу дағдысы қалыптасады.

Пререквизиттері ЖББОМ қазақ әдебиеті

Постреквизиттері Ұлттық руханият, Ежелгі дәуір әдебиеті

Қалыптасатын оқыту нәтижелері:

ОН-1: Тіл білімі мен әдебиеттану саласы, әдебиет тарихы, менеджмент және көшбасшылық бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін, түсінеді, көрсете біледі, оны кәсіби деңгейде қолданады.

ОН-7: Тіл білімі мен әдебиеттану қазіргі ғылыми парадигманың және оның даму динамикасы, зерттеулердің, ғылыми зерттеу негіздерінің әдіснамалық принциптері мен әдістемелік тәсілдерін, мәтінді қажетті деңгейде стилистикалық талаптарға сай түсіндірудің базалық дағдыларын игергендігін көрсете алады.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Халық ауыз әдебиеті

Бағдарлама авторы: Ұлықпанова Ә.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: «Халық ауыз әдебиетін» жеке пән ретінде оқыту арқылы ғылыми мазмұндылығы терең білім беру, фольклорлық жанрлар жүйесін мазмұн-мәні терең, әрі көркем халық әдебиетін аса бағалы байлық ретінде оқыта отырып, оның өзінше сыр-сипатын танытып, жастарға тағлым беру көзделеді.

Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Бұл пән халықтың фольклорлық мұраларды терең, жан-жақты таныстыруды мақсат етеді, фольклор мен халық ауыз әдебиеті атауларының мағыналық айырым жігі, фольклордың салалары, жанрлық түрлері, ерекшелігі, салыстырмалы-салғастырмалы негізі, бастау арналары зерттеледі. Фольклорды жаңаша бағытта зерттей отырып, фольклористиканың тарихын, теориясын жаңаша көзқарас тұрғысынан қарастырады. Фольклорды синкретті сала ретінде танып, эстетикалық, тәрбиелік, утилитарлық қызметтерін айқындап, әдебиеттану саласының жаңа бағыты ретінде қарастырады.

Пререквизиттері: ЖББОМ қазақ әдебиеті

Постреквизиттері: Ежелгі дәуір әдебиеті, Ұлттық руханият

Қалыптасатын оқыту нәтижелері

ОН-1: Тіл білімі мен әдебиеттану саласы, әдебиет тарихы, менеджмент және көшбасшылық бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін, түсінеді, көрсете біледі, оны кәсіби деңгейде қолданады.

ОН-4: Әдебиет тарихын, терминологияға қатысты мәселелерді, оқылатын тілде әдеби көркем сөйлеу, осы тілдегі ауызша және жазбаша қарым-қатынастың жасанды интеллект арқылы өңделуінің негізгі әдістері мен тәсілдерін, бағалаудың өлшемдік технологияларын игереді.

Дублин дискрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Педагогика

Бағдарлама авторы: Тоғайбаева А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім беру жүйесінде педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру бойынша мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық бағыттылығы мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пәнді оқу барысында адам туралы ғылымдар жүйесіндегі педагогиканың алатын орны, оның зерттеу пәні және негізгі ұғымдары туралы айтылады. Педагогикалық үдерістің құрамды компоненттері, мәні мен оларды жүзеге асыру заңдылықтары, қағидалары, формалары және әдіс-тәсілдері, құралдары, ерекшелігі баяндалады. Бүгінгі педагогика ғылымындағы адам капиталын қалыптастырудағы басты талаптар мен мәселелер, инновациялық технологиялар, білім беру жүйесін басқару қағидалары меңгертіледі.

Пререквизиттері: Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы

Постреквизиттері: Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық, Бағалаудың өлшемдік технологиясы

Қалыптасатын оқыту нәтижелері

ОН-2: Кәсіби бағыттағы филологиялық, педагогикалық білімдерін еңбек нарығындағы нақты сұраныстарға, инклюзивтік білім беру бағытында, экономикалық талаптарға сай кәсіпкерлік мақсатқа және бизнес, менеджмент салаларына құқықтық нормалар аясында пайдаланады және қолданады.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Инклюзивті білім беру

Бағдарлама авторы: Амантаева Б.И.

Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларға инклюзивті білім берудің теориялық негіздерімен және Қазақстанда оның қалай іске асырылып жатқанымен таныстыру, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында инклюзивті процестерді ұйымдастыру мен басқарудың негізгі ережелері туралы жан-жақты білім беру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Пән білім алушыларға инклюзивті білім берудің негізгі міндеттері, ерекшеліктері мен принциптері ұғымдарын меңгеруге, жинақталған халықаралық тәжірибені жинақтауға, инклюзивті білім берудің даму деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Пәннің мазмұнында "Білім баршаға" бағдарламалары, Қазақстандағы инклюзивті білім беру мәселелері, мемлекеттік бағдарлама негізінде инклюзивті білім беруде инновациялық тәсілдерді іске асыру жолдары қарастырылған.

Пререквизиттері: Педагогика

Постреквизиттері: Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық, Бағалаудың өлшемдік технологиясы

Қалыптасатын оқыту нәтижелері

ОН-2: Кәсіби бағыттағы филологиялық, педагогикалық білімдерін еңбек нарығындағы нақты сұраныстарға, инклюзивтік білім беру бағытында, экономикалық талаптарға сай кәсіпкерлік мақсатқа және бизнес, менеджмент салаларына құқықтық нормалар аясында пайдаланады және қолданады.

Пәннің атауы: Қазіргі қазақ тілі фонетикасы

Бағдарлама авторы: Сәдуақас Н.Ә.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл пән Тіл білімінің бір саласы – фонетика мен фонология, Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы мен фонологиясы туралы теориялық білім беруге арналған. Фонетика – тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Адам баласының тілі – дыбыстық тіл. Адамның пікір алысуына, бір-бірімен түсінісуіне қызмет ететін тіл – қарым-қатынас құралы, қоғамдық құбылыс. Тілдің дыбыс жүйесін жүйелі түрде зерттеп білу қажет. Қазақ тіліндегі дыбыстардың саны мен сапасын, өзіндік ерекшеліктері мен түрлерін, буын, сингармонизм, екпін, интонация, орфоэпия, орфография, графика, транскрипция т.б. жөнінде теориялық білім беру.

Пәннің қысқаша мазмұны:

«Қазіргі қазақ тілі фонетикасы» курсына фонетика ғылымы туралы түсінік беріліп, аталған саланы зерттеуші ғалымдардың еңбектері, олардың тілдің дыбыс жүйесін зерттеген ғылыми тұжырымдары жан-жақты талданып, қазақ тіліндегі дыбыстардың саны мен сапасы, өзіндік ерекшеліктері мен түрлері, буын, сингармонизм, екпін, интонация, орфоэпия, орфография, графика, транскрипция т.б. жөнінде теориялық білім беріліп, фонетикалық талдау жасау дағдылары қалыптастырылады.

Пререквизиттері: Нормативті қазақ тілі, Тіл біліміне кіріспе

Постреквизиттері: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы.

Қалыптасатын оқыту нәтижелері

ОН-3: Лингвистикалық бағыттағы және аймақтық, қазақ әдебиеті бойынша материалдарды жинаудың, дискурстық талдаудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық дағдыларын меңгереді.

ОН-7: Тіл білімі мен әдебиеттану қазіргі ғылыми парадигманың және оның даму динамикасы, зерттеулердің, ғылыми зерттеу негіздерінің әдіснамалық принциптері мен әдістемелік тәсілдерін, мәтінді қажетті деңгейде стилистикалық талаптарға сай түсіндірудің базалық дағдыларын игергендігін көрсете алады.

Модуль - Әдебиет, тіл және ғылыми зерттеу, руханият**Дублин дескрипторлары (А, В, С, Д, Е)**

Пәннің атауы Ғылыми зерттеу әдістері

Бағдарлама авторы Исакова С.С.

Курсты оқытудың мақсаты Ғылыми зерттеу әдістері курсы ғылыми жоба жазуға, ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасауға, ғылыми әдістерді тану мен пайдалануға үйретеді. Білім алушы өзі жазған ғылыми зерттеуінің нәтижелерін ауызша және жазбаша сауатты түрде таныстыра алуына қатысты ұсыныстар беріледі.

Пәннің қысқаша сипаттамасы

Оқу курсы ғылыми зерттеудің мазмұны мен әдістері, академиялық жазу және академиялық адалдық туралы жүйелі түсініктерді қалыптастыруға, түрлі салаларда зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін білім, дағды, технологиялар мен әдістерді игеруге бағытталған. Пән бағдарламасы ғылыми зерттеу тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды; теориялық және эксперименттік зерттеулердің әдіснамасын зерделеу; зерттеулерді талдау және тұжырымдар мен ұсыныстар беруді қамтиды. Ғылыми зерттеулердің енгізілуі мен тиімділігіне, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және оқуды бітіру жұмыстарын рәсімдеу ережелеріне көп көңіл бөлінеді.

Пререквизиттері Тіл біліміне кіріспе

Постреквизиттері Тіл біліміндегі жаңа бағыттар

Қалыптасатын оқыту нәтижелері

ОН-6: Кәсіби қызмет және магистратурада оқуды жалғастыруға қажетті тіл білімі мен әдебиеттану, әдебиет теориясы бойынша жаңа білімді, ұлттық рухани құндылықтарды, тіл заңдылықтарын, құқық негіздері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет талаптарын, өмір қауіпсіздігі және жас ерекшелік физиологиясы негіздерін меңгереді.

ОН-7: Тіл білімі мен әдебиеттану қазіргі ғылыми парадигманың және оның даму динамикасы, зерттеулердің, ғылыми зерттеу негіздерінің әдіснамалық принциптері мен әдістемелік тәсілдерін, мәтінді қажетті деңгейде стилистикалық талаптарға сай түсіндірудің базалық дағдыларын игергендігін көрсете алады.

Дублин дескрипторлары А); В); С); D); E).

Пәннің атауы Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы мен морфологиясы

Бағдарлама авторы Иманғазина А.А.

Курсты оқытудың мақсаты Бұл пән бойынша мынадай маңызды теориялық және практикалық мәселелер қарастырылады: тілдің грамматикалық единицалары (морфема, сөз), тілдің грамматикалық құрылысы, негізгі грамматикалық ұғымдар (грамматикалық мағына, форма, категория, тәсілдер), сөздің тұлғалық құрамы (негізгі туынды сөз), қосымшалар (жұрнақ, жалғау), олардың түрлері, сөз, оның түрлері (жалаң, күрделі) және сөздердің лексика-грамматикалық топтары.

Пәннің қысқаша сипаттамасы:

«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы» пәні қазіргі қазақ әдеби тілінің сөзжасамдық және морфологиялық жүйесі туралы, қазақ тілінің қазіргі даму кезеңінде бұл жүйенің қызметі туралы түсініктер қалыптастырады. Сөздің құрамын, оның түрлерін және сөздің лексикалық-грамматикалық топтарын меңгертеді. Сөйлем мүшелерінің жүйесін, қазіргі қазақ тіліндегі қалыптасу және сөз өзгерістерінің жолдарын, сөйлемдегі және мәтіндегі грамматикалық формалардың қызметін таныстырады.

Пререквизиттері Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Тіл біліміне кіріспе

Постреквизиттері Жай сөйлем синтаксисі

Қалыптасатын оқыту нәтижелері

ОН-3: Лингвистикалық бағыттағы және аймақтық, қазақ әдебиеті бойынша материалдарды жинаудың, дискурстық талдаудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық дағдыларын меңгереді.

ОН-5: Тіл білім және әдебиет тарихы, оқыту әдістемесі, оқытудың жаңа технологиялары бойынша озық ғылыми нәтижелерді игеріп, ақпараттық коммуникациялық технологияларды, жасанды интеллект жетістіктерін өзінің кәсіби қызметінде еркін қолданады.

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы

Бағдарлама авторы: Карагулова Б.С.

Курсты оқытудың мақсаты: Қазақ тіл білімінің лексикология мен лексикография салалары бойынша студенттерге жүйелі ғылыми-теориялық білім беру, алған білімдерін практикалық Студенттерге қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен лексикографиясы туралы ғылыми-теориялық білім бере отырып, оның болашақта зерттелуге тиісті проблемаларына байланысты студенттерді ғылыми ізденістерге баулып, олардың шығармашылық ой-пікірін жетілдіріп отыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Лексикалық тіл бірліктерінің типтерін, сөздік құрамның құрылымын, толығу жолдарын, сөздің семантикалық тұрғыда қарастырылуын, сөз, сөз арасындағы синтагматикалық, парадигматикалық қатынастар туралы білім беру көзделеді. Сөздік жасаудың теориясы мен тәжірибесі туралы түсінік қалыптастырылады. Аталған сала бойынша жетекші ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып, негізгі тұжырымдар оқытылады. Тілдік талдау жасаудың тәсілдері меңгертіліп, өз білімдерін қолданудың әдістері үйретіледі.

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Нормативті қазақ тілі

Постреквизиттері: Жай сөйлем синтаксисі, Құрмалас сөйлем синтаксисі

Қалыптасатын оқыту нәтижелері

ОН-3: Лингвистикалық бағыттағы және аймақтық, қазақ әдебиеті бойынша материалдарды жинаудың, дискурстық талдаудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық дағдыларын меңгереді.

ОН-7: Тіл білімі мен әдебиеттану қазіргі ғылыми парадигманың және оның даму динамикасы, зерттеулердің, ғылыми зерттеу негіздерінің әдіснамалық принциптері мен әдістемелік тәсілдерін, мәтінді қажетті деңгейде стилистикалық талаптарға сай түсіндірудің базалық дағдыларын игергендігін көрсете алады.

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Ұлттық руханият

Бағдарлама авторы: Ұлықпанова А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Адамның рухани дамуы мәдениетте үлкен рөл атқарады. Өйткені, руханилығы жоғары адамдары бар қоғам ғана жоғары дамыған мәдениет жасай алады. Жеке адамның рухани дамуы халықтың санасымен, психологиясымен, саяси белсенділігімен ұштасып жатады. Қоғамның қалыпты рухани дамуы әлеуметтік құрылымға, әр түрлі топтарға, олардың әрекет аясына өзгерістер енгізеді. Мәдениетті адам рухани бастаулардан нәр алатын қоғамда ғана қалыптасуы мүмкін.

Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Курс рухани құндылықтар жүйесін, қазақтың ұлттық болмысын, руханияттың этномәдени бастауларын, ұлттық сананы, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, дүниетанымды, діни шыдамдылықты, салт-дәстүрлерді, өнерді, әдебиетті, ұлттық тәрбиені, дәстүрлі мәдениетті, жоғары сананы тәрбиелейтін рухани мұраны зерттейді. Пән әлемдік және жалпыадамзаттық құндылықтарды, халықтық дәстүрлерді, ата-баба мұрасын құрметтеу рухында тәрбиеленген рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастырады.

Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Халық ауыз әдебиеті

Постреквизиттері: Абайтану, Хандық дәуір әдебиеті, Жұбановтану

Қалыптасатын оқыту нәтижелері:

ОН-6: Кәсіби қызметке және магистратурада оқуды жалғастыруға қажетті тіл білімі мен әдебиеттану, әдебиет теориясы бойынша жаңа білімді, ұлттық рухани құндылықтарды, тіл заңдылықтарын, құқық негіздері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет талаптарын, өмір қауіпсіздігі және жас ерекшелік физиологиясы негіздерін меңгереді.

ОН-8: Өзін-өзі дамыту және кәсіпкерлік мансаптық дәрежеде өсу қағидаларын, өмір қауіпсіздігі ережелерін біледі, ұлттық рухани сипаттағы, филологиялық теориялық, әдеби шығармашылық сала бойынша білімін терең, жан-жақты көрсете алады.

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Ежелгі дәуір әдебиеті

Бағдарлама авторы: Ташимбаева С.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: сақ-ғұн дәуірінен бастап ортағасырлық түркі халықтарының әдеби мұрасын тарихи, мәдени және көркемдік тұрғыдан жүйелі зерттеу. Бұл пән арқылы студенттер түркі әлемінің әдебиетіне тән идеялық және эстетикалық ерекшеліктерді терең түсінеді. Сондай-ақ, ежелгі жазба ескерткіштердің мазмұны мен олардың халық дүниетанымындағы рөлін ғылыми тұрғыдан талдау дағдылары қалыптасады. Пән ұлттық әдебиет тарихының бастаулары мен оның жалғастығын қазіргі әдеби процеске байланыстыра зерделеуді көздейді.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пәнді игеру барысында студенттер әдебиетіміздің ежелгі, әрі көне қатпары – сақ-ғұн, түркі, ислам дәуіріндегі көркем шығарма үлгілерімен танысады. Түркі жұртының жазу-сызу, көне тарихи ескерткіштері, қала мәдениетінен тұратын түркі өркениеті болғандығына, тарихта қалғандығына ғылыми тұрғыдан көз жеткізеді. Ежелгі

дәуір әдебиеті үлгілерінің қазіргі қазақ қоғамымен байланысын, үндестігін, оның рухани өміріндегі орнын туралы түсініп қалыптастырады.

Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе, Халық ауыз әдебиеті

Постреквизиттер: Хандық дәуір әдебиеті, XIX ғ. Қазақ әдебиетінің тарихы

Қалыптасатын оқыту нәтижелері:

ОН-1: Тіл білімі мен әдебиеттану саласы, әдебиет тарихы, менеджмент және көшбасшылық бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін, түсінеді, көрсете біледі, оны кәсіби деңгейде қолданады.

ОН-4: Әдебиет тарихын, терминологияға қатысты мәселелерді, оқылатын тілде әдеби көркем сөйлеу, осы тілдегі ауызша және жазбаша қарым-қатынастың жасанды интеллект арқылы өңделуінің негізгі әдістері мен тәсілдерін, бағалаудың өлшемдік технологияларын игереді.

Қабылдау жылы: 2023

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
7. Модуль – Әдебиет, тіл тарихы және стилистика (30 академиялық кредит)				
БП ЖК	КАТ 3201	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы	5	5
БП ЖК	STM 3202	Стилистика және тіл мәдениеті	5	5
БП ЖК	КА 3203	XX ғ. басындағы қазақ әдебиеті	6	5
БП ЖК	SKKT 3304	Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі әдебиет тарихы	6	5
БП ЖК	ZhSS 3205	Жай сөйлемі синтаксисі	6	5
КП ЖК	АТ 3306	Әдебиет теориясы	6	5
8. Модуль-Білім берудегі менеджмент және практика (30 академиялық кредит)				
КП ЖК	КТОА 3307	Қазақ тілін оқыту әдістемесі	5	5
КП ЖК	КАОА 3308	Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	5	5
КП ЖК	ВВМК 3309	Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық	5	5
КП ЖК	ВОТ 3310	Бағалаудың өлшемдік технологиясы	5	5
КП ЖК	ZhTB 3311	Жалпы тіл білімі	6	4
		Педагогикалық практика	6	6

6. Модуль – Әдебиет, тіл тарихы және стилистика

Дублин дескрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: ХІХ ғасырдағы әдебиет тарихы

Бағдарлама авторы: Жұмағалиева Р.Р.

Курсты оқытудың мақсаты: ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті мұраларын қазіргі әлемдік өркениет талаптарына сай оқыту. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы туралы ғылымды жүйелі түрде меңгерту болып табылады. ХІХ ғасыр әдебиетін кезең тарихымен, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланыстыра оқыту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы:

ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті мұраларын қазіргі әлемдік өркениет талаптарына сай оқыту, қазақ әдебиеті тарихы туралы ғылымды жүйелі түрде меңгерту болып табылады, әдебиетін кезең тарихымен, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланыстыра оқытады. ХІХ ғасыр әдебиетін кезең тарихымен, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланыстыра отырып, ХІХ ғасыр әдебиетінің дәстүрлі жыраулық және ақындық поэзиямен сабақтастығы, көркемдік-стильдік жалғастық мәселелері ғылыми-теориялық баяндалады.

Пререквизиттері: Ежелгі дәуір әдебиеті, Хандық дәуір әдебиеті

Постреквизиттері: ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы

Қалыптасатын оқыту нәтижелері:

ОН-3: Теориялық және қолданбалы тіл білімі және әдебиеті бойынша базалық білімін зерттеушілік және кәсіби бағытта қолдана алады;

ОН-9: Салт-дәстүр, әдеби-тілдік, қоғамдық нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды біледі, талдау мүмкіндігі қалыптасады;

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Стилистика және тіл мәдениеті

Бағдарлама авторы: Мұратбек Б.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Пән мақсаты студенттерге тіл мәдениеті мен стилистика туралы жүйелі теориялық білімді игеруді көздейді, оны тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға негізделеді. Бұл пәнді оқытуда студенттерге лингвистикалық стилистиканың бағыттары және негізгі ұғымдары туралы, әсіресе функциональдық стильдер мен тіл ярустарының стилистикалық мүмкіндіктері туралы білім беріледі, кез-келген мәтіннің қай стильге жататынын ажырата білуге үйретеді.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Стилистика және тіл мәдениеті» ғылымының теориялық, қолданбалы, прагматикалық негіздерімен таныстыра отырып, қазақ әдеби тілінің мәдениеті мен стилистикалық құралдары, стильдік тармақтары туралы мәлімет беріледі. Стиль түрлерін ажыратудың жолдарын оқытып, меңгертеді. Қазақ әдеби тілінің функциональды (мақсатты) стиль түрлері, классификациялау, дәстүрлі классификация, жалпы және жеке тіл біліміндегі бағыт-бағдары бойынша кең түрде мәлімет беріледі.

Пререквизиттері: Ғылыми зерттеу әдістері

Постреквизиттері: Жай сөйлем синтаксисі, Жалпы тіл білімі

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-1: Бәсекеге қабілетті, ғылыми және теориялық мәліметтерді кәсіби деңгейде қолдана алады;

ОН-4: Сапалық және сандық әдістерді қолданады, оқытылатын салада фактілерді, құбылыстарды, ғылыми зерттеулердің әдістерін әр түрлі салада қолдана алады;

Пәннің атауы: ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихы

Бағдарлама авторы: Обаева Г.С.

Курсты оқытудың мақсаты: Аталмыш кезеңдегі түрлі әдеби ағымдар мен бағыттардың, олардың айтулы өкілдерінің шығармашылығын түбегейлі қарастыру арқылы «алтын ғасыр» аталған әдебиеттің табиғатын ашу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Бұл пәнде жазба әдебиеттің ең бір өнімді де көркемдік ізденіске толы кезеңі - ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінің тарихы жүйеленеді. Аталмыш кезеңнің қазақ әдебиеті даму үрдісіндегі өзіндік орны, түрлі әдеби бағыттардың жазба

әдебиеттің өркендеуіне қосқан үлесі қазақ қоғамындағы тарихи-әлеуметтік үдерістерімен бірлікте алынып қарастырылады.

Пререквизиттері: Ежелгі дәуір әдебиеті, Хандық дәуірдегі әдебиет

Постреквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-6: Қазақстанның ұлттық құндылықтарымен білім беру мазмұнын интеграциялау принциптерін, экономикалық, өмір қауіпсіздігі мен құқық негіздері туралы білімін жетілдіреді;

ОН-9: Салт-дәстүр, әдеби-тілдік, қоғамдық нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды біледі, талдау мүмкіндігі қалыптасады;

Пәннің атауы Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі әдебиет тарихы

Бағдарлама авторы Обаева Г.С.

Курсты оқытудың мақсаты Бұл пән студенттердің әдеби тілдің және әдебиет танудың, ғасырлар тоғысындағы әдеби процесстерінің дамуындағы теориялық проблемалармен таныстырады, қазақ прозасындағы жанрлық өзгерістердің ерекшеліктері, әдеби туындының құрылымы, проза поэтикасының идеялық-көркемдік перспективаларын түсіну туралы мағлұмат береді

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Курсты оқу барысында студенттер Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті өкілдердің шығармашылығымен танысады. XX ғасырдың 40-80 ж.ж. әдебиет өкілдерінің көркем шығармаларын, оқу-ағарту, мәдениет саласының түрлі мәселелеріне арналған еңбектерін жан-жақты қамти отырып, олардың қазіргі заманғы әдебиетімізде алатын орнын зерделеу, әдеби туындылардағы қоғамдық, тарихи мәселелердің көрінісін ажырата алуға үйренеді.

Пререквизиттері: Ежелгі дәуір әдебиеті, Хандық дәуірдегі әдебиет

Постреквизиттері Абайтану

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-1: Бәсекеге қабілетті, ғылыми және теориялық мәліметтерді кәсіби деңгейде қолдана алады;

ОН-9: Салт-дәстүр, әдеби-тілдік, қоғамдық нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды біледі, талдау мүмкіндігі қалыптасады;

Пәннің атауы Жай сөйлем синтаксисі

Бағдарлама авторы Айтбенбетова А.Қ

Курсты оқытудың мақсаты Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесімділігін, сөздердің байланысу тәсілдері мен формаларын, синтаксистік қатынасын, жай сөйлем түрлерін меңгерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы

Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесімділігін, сөздердің байланысу тәсілдері, синтаксистік қатынасын, жай сөйлем түрлерін меңгереді. Жай сөйлем, құрмалас сөйлем синтаксисінің зерттеу нысаны, сөз тіркесі болу шарттары, сөз тіркесіндегі синтаксистік қатынас түрлері, сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері, жай сөйлем, құрмалас сөйлем түрлері, баяндауыштарының жасалуы, сөйлем мүшелері, оның түрлерін түсінеді.

Пререквизиттері Стилистика және тіл мәдениеті, Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы

Постреквизиттері Құрмалас сөйлем синтаксисі

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-3: Теориялық және қолданбалы тіл білімі және әдебиеті бойынша базалық білімін зерттеушілік және кәсіби бағытта қолдана алады;

ОН-8: Білім алушылар өзін-өзі оң бағалайды, азаматтық бірегейлік және лингвистикалық толеранттылықты игереді, білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

Пәннің атауы: Әдебиет теориясы

Бағдарлама авторы: Сұлтанғалиева Ж.С.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттерді көркем әдебиеттің жаңалық, тектік сипаттарымен бірлікте поэтика, стиль, предметтік бейнелеу жүйесін танып, білуге бейімдеу; шығарманы комплексті талдауға үйрету.

Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Әдебиет теориясы көркем әдебиеттің болмысы мен бітімін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін байыптайды. Әдебиеттің өзіне тән ерекшелігін, оның қоғамдық қызметін, көркем шығарманы талдаудың принциптері мен методикасын, әдеби жанрлар мен оның түрлерін, өлең жүйелерін, тіл мен стиль, әдеби ағым мен көркемдік әдіс мәселелерін ұғынады.

Преквизиттері: Ежелгі дәуір әдебиеті, Хандық дәуір әдебиеті

Постреквизиттері: Абайтану, Қазіргі қазақ әдебиеті

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-3: Теориялық және қолданбалы тіл білімі және әдебиеті бойынша базалық білімін зерттеушілік және кәсіби бағытта қолдана алады;

ОН-4: Сапалық және сандық әдістерді қолданады, оқытылатын салада фактілерді, құбылыстарды, ғылыми зерттеулердің әдістерін әр түрлі салада қолдана алады;

7. Модуль-Білім берудегі менеджмент және практика

Пәннің атауы: Қазақ тілін оқыту әдістемесі

Бағдарлама авторы: Абдирова Ш.Г.

Курсты оқытудың мақсаты: Қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін меңгерту мен практикалық дағдыларын қалыптастыру

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттеу нысаны мен міндеттері, ғылыми-теориялық негіздерін меңгерту мен практикалық дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы, оның тіл білімі, педагогика-психологиямен байланысы, зерттеу әдіс-тәсілдері, қазақ тілін оқыту құралдары, оқу жоспарларының ерекшеліктері, қазақ тілі пәнінің мазмұны мен құрылымын, оқу пәнінің бағдарламасын қазақ тілін оқыту құралдарының сипатын, оқу-әдістемелік кешен түсінігін, оның құрамын, қазақ тілін оқытудағы қазіргі технологияларды, оқытудың әдіс-тәсілдерін қамтиды.

Преквизиттері: Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы, Педагогика

Постреквизиттері: Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы IT және цифрлық ресурстар

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-5: Білім алушылар оқытудың әдістерін біледі, кәсіби шеберлік негіздерін қалыптастырады, практикада қолдана алады

ОН-10: Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алуға бағытталған педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, өз пәнін оқытудың берілген мақсаттарына сәйкес іскери этика нормаларын сақтайды және мінез-құлықтың этикалық, құқықтық нормаларын меңгере алады;

Пәннің атауы: Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

Бағдарлама авторы: Кушкимбаева А.С., PhD доктор

Курсты оқытудың мақсаты пәннің типтік бағдарламасына сай қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін меңгерту мен практикалық дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінің ғылыми-теориялық негіздерін саралау, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің тарихы, әдебиетті оқыту әдістері, оқытудың жаңа әдістері мен түрлері, көркем әдебиетті оқыту тарихының жүйесі, құрылымдық ерекшеліктері, көркем шығарманы оқыту, көркем шығармамен жұмыс істеу кезеңдері, әдебиет сабағының үлгілері мен түрлері, әдебиетті оқытуды ұйымдастыру, оқушы білімін есепке алу және бағалау, әдебиет сабағының көрнекілігі, әдебиетті оқытудағы жаңа технологияларды пайдалану, әдебиет бойынша сыныптан тыс оқу және сыныптан тыс жұмыстар сынды негізгі мәселелерді қамтиды.

Пререквизиттері: Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы, Педагогика

Постреквизиттері: Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы IT және цифрлық ресурстар

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-5: Білім алушылар оқытудың әдістерін біледі, кәсіби шеберлік негіздерін қалыптастырады, практикада қолдана алады

ОН-10: Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алуға бағытталған педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, өз пәнін оқытудың берілген мақсаттарына сәйкес іскери этика нормаларын сақтайды және мінез-құлықтың этикалық, құқықтық нормаларын меңгере алады;

Пәннің атауы: Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық

Бағдарлама авторы: Туякова У.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім беру ұйымдарында басқару мен көшбасшылықтың заманауи теориялық негіздерін, құрылымын және практикалық аспектілерін меңгерту, болашақ мамандардың басқарушылық қабілеттерін, көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру және стратегиялық ойлау дағдыларын дамыту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы:

"Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық" пәні білім беру жүйесіндегі негізделген қажеттілік ретінде еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап береді, нақты жағдайларды талдау және диагностикалау дағдыларын дамытады. Пәнді оқытудың мақсаты білім берудегі көшбасшылықты ұйымды басқару құралы ретінде қолдану аясында қарастыруға негізделген және болашақ мамандардың көшбасшылық әлеуетін психологиялық-педагогикалық құрал ретінде дамытуға, болашақ білім беру көшбасшысы ретіндегі білім алушының рефлексивті құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Пәнді оқу барысында білім алушы ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын меңгереді, білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады және жетілдіріледі.

Пререквизиттері: Педагогика, Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы, Инклюзивті білім беру;

Постреквизиттері: Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы IT және цифрлық ресурстар

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-5: Білім алушылар оқытудың әдістерін біледі, кәсіби шеберлік негіздерін қалыптастырады, практикада қолдана алады

ОН-8: Білім алушылар өзін-өзі оң бағалайды, азаматтық бірегейлік және лингвистикалық толеранттылықты игереді, білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

Пәннің атауы: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Бағдарлама авторы: Күштаева М.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларға оқыту нәтижесін бағалаудың қазіргі құралдары, білім беру процесіндегі бағалаудың орны мен ролі, критериалдық бағалау технологиясының моделі жайында түсінік беру.

Пәннің қысқаша сипаттама:

Оқу-тәрбие процесінде білім алушылардың білім деңгейін анықтауда критериалды бағалаудың маңызы ерекше. Білім беру процесінде білім алушылардың білім көрсеткішін арттырумен қатар олардың жеке тұлғалық қасиеттері мен құзыреттіліктеріне, қоршаған ортада қарым-қатынас жасай білу қабілеттіліктеріне, өзін-өзі жетілдіру бағыттарына да үлкен мән беру қажет. Критериалды бағалау алдын ала белгілі өлшемдерге сәйкес білім алушының жеке оқуын түзетуге мүмкіндік беруді, оқу мақсаттарына сәйкес күтілетін нәтижеге жетуде білім алушылардың білімін бағалауды қамтиды. Критериалды бағалау сабақтың барлық кезеңінде жүзеге асырылып, интерактивті оқытудың ұжымдық, топтық, жұптық түрлерінің барлығына өз тиімділігін көрсетеді, білім алушылардың тұлғалық қабілеттері мен қасиеттерін дамытуға мүмкіндік алады.

Пререквизиттері: Инклюзивті білім беру, Педагогика

Постреквизиттері: Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы IT және цифрлық ресурстар

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-5: Білім алушылар оқытудың әдістерін біледі, кәсіби шеберлік негіздерін қалыптастырады, практикада қолдана алады

ОН-7: Қазіргі ақпараттық технологиялар мен ақпарат жүйесіндегі базалық білімді игереді, компьютер желілері, бағдарламалық құралдарды қолданады, интернет ресурстарын базалық білімде меңгереді.

Пәннің атауы: Жалпы тіл білімі

Бағдарлама авторы: Күштаева М.Т.ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: Жалпы тіл білімі филология факультетінде жүргізілетін тілдік пәндердің бәрінен кейінотіледі. Курстың мақсаты – біріншіден, студенттердің өз мамандықтары бойынша алған білімдерін жинақтап, қорытындылау сипатында болса, екіншіден, олардың тіл білімінен алған теориялық білімдерін тереңдете түсуді көздейді.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Тіл ғылымындағы сабақтастық, оның дамуы жөніндегі қисыны, бірегейлігі мен көп аспектілігі туралы мәліметтермен танысып, жалпы тілдік функциялары мен тіл табиғатын, олардың қоғам өміріндегі ролі мен мәселелерін, тілдерді зерттеу әдістерінің бүгінгі бағыттарын ажырата біледі, әлемдік тіл біліміндегі жетекші ғалымдардың еңбегімен танысады, жалпы және жеке тіл біліміне тән ортақ заңдылықтарды жобалауға, дайындауға үйренеді.

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Нормативті қазақ тілі

Постреквизиттері: Қазақ тілінің терминологиясы, Неология саласының негіздері

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-1: Бәсекеге қабілетті, ғылыми және теориялық мәліметтерді кәсіби деңгейде қолдана алады;

ОН-4: Сапалық және сандық әдістерді қолданады, оқытылатын салада фактілерді, құбылыстарды, ғылыми зерттеулердің әдістерін әр түрлі салада қолдана алады;

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
11. Модуль –Абайтану, тіл білімі мен әдебиет және оқыту технологиясы (24 академиялық кредит)				
КП ЖК	KAST 4301	Қазақ әдебиеті сынының тарихы	7	5
КП ЖК	AT 4302	Әдебиет теориясы	7	5
КП ЖК	IT 4303	Қазақ тілі мен әдебиеті оқытудағы IT және цифрлық ресурстар	7	4
КП ЖК	ZhT 4304	Жалпы тіл білімі	7	5
КП ЖК	AT 4305	Абайтану	7	5
12. Модуль-Сауаттылық және практикалар (24 академиялық кредит)				
БП ЖК	FS 4206	Функционалдық сауаттылық	7	3
КП ЖК	MOChO 4307	Мәнерлеп оқу және шешендік өнер	7	6

11. Модуль –Абайтану, тіл білімі мен әдебиет және оқыту технологиясы

Пәннің атауы: Қазақ әдебиеті сынының тарихы

Бағдарлама авторы: Сұлтанғалиева Ж.С.

Курсты оқытудың мақсаты: Жалпы сын, көркем әдебиет туралы пікірлерді талдау; қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының даму кезеңдерін оқыту; студенттерді жалпы сын, әдебиет сыны туралы толық біліммен қаруландыру; қазақ әдебиеті сынының даму тарихымен, кезеңдерімен таныстыру; қазақ әдебиеті сынын дамытуға үлес қосқан әдебиет, қоғам қайраткерлерінің пікірлерімен таныстыру; көркем әдебиет туындыларын оқуда сыни көзқарас қалыптастыруға үйрету басты мақсат етіледі.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Жалпы сын, көркем әдебиет туралы пікірлерді талдау; қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының даму кезеңдерін оқыту; студенттерді жалпы сын, әдебиет сыны туралы толық біліммен қаруландыру; қазақ әдебиеті сынының даму тарихымен, кезеңдерімен таныстыру; қазақ әдебиеті сынын дамытуға үлес қосқан әдебиет, қоғам қайраткерлерінің пікірлерімен таныстыру; көркем әдебиет туындыларын оқуда сыни көзқарас қалыптастыруға үйрету басты мақсат етіледі.

Пререквизиттері: XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, Қазіргі әдеби процесс

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру магистратура пәндері

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-2: Білім алушылар оқытудың әдістерін біледі, кәсіби шеберлік негіздерін қалыптастырады, практикада қолдана алады;

ОН-3: Кәсіби негізде еңбек етуге, қоғамдық ортаға сай өзін дамытуға, еңбекті ұйымдастыруға, ғылыми пайымдауларды қалыптастыруға және мәселелерді шешіп талдай алады;

Пәннің атауы: Әдебиет теориясы

Бағдарлама авторы: Сұлтанғалиева Ж.С.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттерді көркем әдебиеттің жаңалық, тектік сипаттарымен бірлікте поэтика, стиль, предметтік бейнелеу жүйесін танып, білуге бейімдеу; шығарманы комплексті талдауға үйрету.

Пәннің қысқаша сипаттамасы:

«Әдебиет теориясы» көркем әдебиеттің болмысы мен бітімін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін байыптайды. Әдебиеттің өзіне тән ерекшелігін, оның қоғамдық қызметін, көркем шығарманы талдаудың принциптері мен методикасын, әдеби жанрлар мен оның түрлерін, өлең жүйелерін, тіл мен стиль, әдеби ағым мен көркемдік әдіс мәселелерін қарастырады.

Пререквизиттері: XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, Қазіргі әдеби процесс

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру магистратура пәндері

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-1: Бәсекеге қабілетті, ғылыми және теориялық мәліметтерді кәсіби деңгейде қолдана алады;

ОН-7: Сапалық және сандық әдістерді қолданады, оқытылатын салада фактілерді, құбылыстарды, ғылыми зерттеулердің әдістерін әр түрлі салада қолдана алады;;

Пәннің атауы Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы IT және цифрлық ресурстар

Бағдарлама авторы Айтбенбетова А.Қ.

Курсты оқытудың мақсаты: қоғамда бәсекеге қабілетті, әрі цифрлық сауаттылығы қалыптасқан тұлғаны қалыптастыру, болашақ педагог заманауи жаңа цифрлық технологиялар құралдарының мүмкіндіктерін қашықтықтан оқытуда пайдалануды меңгерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пәннің мақсаты - қоғамда бәсекеге қабілетті, әрі цифрлық сауаттылығы қалыптасқан тұлғаны қалыптастыру, болашақ педагог заманауи жаңа цифрлық технологиялар құралдарының мүмкіндіктерін қашықтықтан оқытуда пайдалануды меңгерту. Жаһандану заманында цифрлық қоғам мен білім беруді цифрландыру және электрондық оқыту (e-learning) жүйесін педагогтердің қашықтықтан білім беру біліктілігін арттырады, педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығы қалыптасады, онлайндық интерактивтік дәрістері, инновациялық технологияларды білім беру үрдісіне қолдана алады. Электрондық портфолионы толтыру алгоритмін үйренеді, электрондық оқыту жүйесінің платформаларымен жұмыс жасау деңгейі қалыптасады

Пререквизиттері Қазақ тілі мен әдебиетін ЖББ бойынша оқыту әдістемесі

Постреквизиттері ЖОО-дан кейінгі білім беру магистратура пәндері

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-9: Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алуға бағытталған педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, өз пәнін оқытудың берілген мақсаттарына сәйкес іскери этика нормаларын сақтайды және мінез-құлықтың этикалық, құқықтық нормаларын меңгере алады;

ОН-10: Салт-дәстүр, әдеби-тілдік, қоғамдық нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды біледі, талдау мүмкіндігі қалыптасады;

Пәннің атауы: Жалпы тіл білімі

Бағдарлама авторы: Тектігүл Ж.О.

Курсты оқытудың мақсаты: Жалпы тіл білімі филология факультетінде жүргізілетін тілдік пәндердің бәрінен кейін өтіледі. Курстың мақсаты – біріншіден, студенттердің өз мамандықтары бойынша алған білімдерін жинақтап, қорытындылау сипатында болса, екіншіден, олардың тіл білімінен алған теориялық білімдерін тереңдете түсуді көздейді.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Жалпы және жеке тіл біліміне тән ортақ заңдылықтарды, тіл білімінің теориялық мәселелері, лингвистикалық ілімдер мектебі мен тарихын, тілдің қоғамдық, таңбалық сипатын, олардың өзіндік айырмашылықтарын ажырата біледі, жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін, әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін, этномәдениетті құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани біледі.

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-1: Бәсекеге қабілетті, ғылыми және теориялық мәліметтерді кәсіби деңгейде қолдана алады;

ОН- 2 Білім алушылар оқытудың әдістерін біледі, кәсіби шеберлік негіздерін қалыптастырады, практикада қолдана алады;

Пәннің атауы Абайтану

Бағдарлама авторы Жұмағалиева Р.Р.

Курсты оқытудың мақсаты «Абайтану» курсын игеру барысында алған білімдерін толықтырып, абайтанудың басты салалары (зерттелу тарихы, текстология, ойшылдығы, дүниетанымы) бойынша ұлы ақын талантының танымдық және тәрбиелік мәніне тереңірек үңілуге жол ашады.

Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Абайтану сан алуан маңызды мәселелерді қамтиды, шығармашылық жолының халықтық негіздерін, ұлттық сипатын айқындайды, лирикалық шығармаларының, дастандары мен қарасөздерінің тақырыптық, идеялық, жанрлық, тілдік ерекшеліктерін, ақындық тұлғасын, суреткерлік әдісін, көркемдік шеберлігін тереңдеп ашып көрсетуге қатысты мәселелерді, сондай-ақ ұлы ойшыл ақынның дүниетанымын, қоғамдық, философиялық, эстетикалық көзқарастарын зерттеу мәселесін айқындайды.

Пререквизиттері: Шетел әдебиеті, Қазақ әдебиетін оқытудың интерактивті әдістері

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру магистратура пәндері

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-3: Кәсіби негізде еңбек етуге, қоғамдық ортаға сай өзін дамытуға, еңбекті ұйымдастыруға, ғылыми пайымдауларды қалыптастыруға және мәселелерді шешіп талдай алады;

ОН-5: Теориялық және қолданбалы тіл білімі және әдебиеті бойынша базалық білімін зерттеушілік және кәсіби бағытта қолдана алады;

Пәннің атауы: Функциональдық сауаттылық

Бағдарлама авторы: Тектіғұл Ж.О.

Курсты оқытудың мақсаты: Функциональдық сауаттылық курсы студенттерге өздерінің білімдерін күнделікті өмірде, кәсіби қызметте тиімді қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған. Курстың мақсаты студенттерге тек теориялық білім беру емес, сонымен қатар оларды функциональды сауаттылық дағдыларымен қаруландыру, оларға мәтіндерді дұрыс түсіну, анализ жасау және ақпаратты тиімді жеткізу тәсілдерін үйрету болып табылады.

Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Білім алушылардың функциональдық сауаттылығын дамыту тетіктерін, жеке тұлғаны қалыптастырудағы білім берудің әлеуметтік бағыттылығын, функциональдық сауаттылықтың қазіргі өзгермелі әлемдегі әлеуметтік-мәдени, саяси және экономикалық қызметке белсенді қатысуын меңгереді және белгілі бір мәдени ортада өмір сүру үшін қажет деп саналатын жеке адамның әлеуметтік өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін білім, білік, дағды жиынтығын құра алады, адамның даму тетігі ретінде пайдалана алады.

Пререквизиттері: Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық, Қазақ тілі мен ЖББ бойынша оқыту әдістемесі

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру магистратура пәндері

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-1: Бәсекеге қабілетті, ғылыми және теориялық мәліметтерді кәсіби деңгейде қолдана алады;

ОН-7: Сапалық және сандық әдістерді қолданады, оқытылатын салада фактілерді, құбылыстарды, ғылыми зерттеулердің әдістерін әр түрлі салада қолдана алады;

Пәннің атауы Мәнерлеп оқу және шешендік өнер

Бағдарлама авторы: Ұлықпанова Ә.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты Халық тарихындағы шешендік өнердің алатын орны туралы білім беру. Түркі тектес халықтар көне жазба ескерткіштердегі шешендік сөз туралы пікірлерді зерделеу. Ертедегі би-шешендердің сөз сөйлеу өнеріне қатысты ой-пікірлерді жүйелеу (Аяз би, Майқы би, Жиренше шешен, Асан қайғы, т.б.). «Жеті жарғы» заңы, ондағы шешендікке байланысты баптармен танысу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы. Білім алушы халық тарихындағы шешендік өнердің алатын орны туралы білім алады. Түркі тектес халықтар көне жазба ескерткіштердегі шешендік сөз туралы пікірлерді зерделей алады. Ертедегі би-шешендердің сөз сөйлеу өнеріне қатысты ой-пікірлерді жүйелер, «Жеті жарғы» заңы, ондағы шешендікке байланысты баптармен танысады. Билер сөзі және қазақтың шешендік өнері туралы, зерттеуші ғалым-саяхатшылардың шешендік өнері туралы ой-пікірлерін, қазақ зерттеушілерінің шешендік өнертануға қосқан еңбектерімен танысады, шешендік өнер тарихын таниды.

Пререквизиттері: Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру магистратура пәндері

Қалыптастыратын оқыту нәтижелері:

ОН-3: Кәсіби негізде еңбек етуге, қоғамдық ортаға сай өзін дамытуға, еңбекті ұйымдастыруға, ғылыми пайымдауларды қалыптастыруға және мәселелерді шешіп талдай алады;

ОН-6: Қазақстанның ұлттық құндылықтарымен білім беру мазмұнын интеграциялау принциптерін, экономикалық, өмір қауіпсіздігі мен құқық негіздері туралы білімін жетілдіреді;

Кафедра меңгерушісі

Абдирова Ш.Г.